

1. Лицензиялау зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - Лицензиат) қызметтеріне бақылау жасауды қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі. < * >

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 439 қаулысымен

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 439 қаулысымен

3. Бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - Лицензиар) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған Лицензиаттардың бірыңғай тізілімін жүргізеді. Аталған тізілімге лицензияларды уақытша тоқтату мен Лицензиаттан оларды қайтарып алудың барлық фактілері туралы мәліметтер де енгізіледі.

4. Лицензиат зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

II. Лицензия алу үшін қажетті құжаттар

5. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін өтініш беруші Лицензиарға мынадай құжаттарды ұсынады :

а) белгіленген үлгідегі өтініш;
б) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу(қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі; < * >

в) шаруашылық жүргізуші субъектінің статистикалық кәртiшкесінің көшірмесі;

г) барлық өзгерістермен және толықтырулармен қоса алғанда, нотариалдық куәландырылған құрылтай құжаттарының көшірмелері (екі данада);

д) өтінішті берушіге қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ құрылтайшыларға(акционерлерге), басшы қызметкерлерге "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Лицензиардың нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген талаптарды растайтын құжаттар; < * >

е) лицензиялық алымның төленгені туралы төлем құжаттарының көшірмелері

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 439 қаулысымен

Ескерту. 6-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы
N 439 қаулысымен .

III. Құжаттарды қарау және лицензия беру

7. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті лицензиялауға ұсынылған құжаттарды Лицензиар құжаттар берілген күннен бастап 30 күннің ішінде қарайды. Пысықталуына байланысты құжаттар қайталап берілгенде, өтініш беруші құжатта қайталап берілген күнгі жеке капиталының есебін және Лицензиардың нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сай келетін қаржылық есепті ұсынады. <*>

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 439
қаулысымен .

8. Ұсынылған құжаттар қолданылып жүрген заңдардың және осы Ереженің талаптарына сай келгенде, өтініш берушіге зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беріледі.

9. Лицензия басшыға немесе Лицензиаттың уәкілетті өкіліне (сенімхат негізінде) беріледі .

10. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүргізуге арналған лицензиялар тұрақты болып табылады.

11. Лицензияның күші Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына тарайды.

IV. Лицензия бергені үшін алым

12. Лицензиялық алымның мөлшері мен оны төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдарымен айқындалады.

V. Лицензия беруден бас тарту және оған шағымдану

13. Лицензия, егер:
қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға субъектілердің осы санатына заң
актілерімен тыйым салынса;
талап етілетін барлық құжаттар тапсырылмаса;
ұсынылған ақпараттың жалғандығы фактісі анықталса;
лицензиялық алым төленбесе;
өтініш берушіге қатысты соттың оған қызметтің осы түрімен айналысуға
тыйым салуы болса;
өтініш беруші белгіленген біліктілік талаптарына сай болмаса, берілмейді.
14. Лицензия беруден бас тартылған кезде өтініш берушіге лицензия беру

үшін белгіленген мерзімдерде жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарылады.

15. Егер лицензия белгіленген мерзімде берілмесе немесе лицензия беруден бас тарту өтініш берушіге негізсіз болып көрінсе, ол бұл әрекеттерге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

VI. Лицензияның күшін тоқтату

16. Лицензия мынадай жағдайларда:
лицензия берілген заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда немесе
т а р а т ы л ғ а н д а ;

зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызмет тоқтатылғанда;
лицензия кері қайтарып алынғанда өз күшін тоқтатады.

17. Заңды тұлға қайта тіркелген кезде лицензия сақталады.

18. Лицензияның күшін тоқтатуға байланысты даулар сот тәртібімен шешіледі.

VII. Лицензияның күшін уақытша тоқтату және оны кері қайтарып алу

19. Лицензиар уақытша тоқтату себебін көрсете отырып, лицензияның күшін алты ай мерзімге дейін тоқтатуға құқылы.

20. Лицензияның күші мынадай жағдайларда:
лицензия негізделіп берілген ақпараттың жалған екені анықталғанда;
зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілер бұзылғанда, уақытша тоқтатылуы мүмкін.

21. Лицензияның күші уақытша тоқтатылған жағдайда Лицензиат анықталған тәртіп бұзушылықтарды жоюға міндетті, олар жойылғаннан кейін лицензия қайта күшіне енеді, бұл туралы Лицензиатқа жазбаша түрде хабарланады.

Лицензияның күшін уақытша тоқтату туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейінгі Лицензиаттың қызметі заңсыз деп саналады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

22. Лицензия мынадай жағдайларда:
Лицензиат қолданылып жүрген заңдардың талаптарын орындамағанда;
Лицензиар лицензияның күшін уақытша тоқтатқан себептер жойылмағанда;
сот Лицензиатқа жүзеге асыруға лицензиясы бар қызмет түрімен айналысуға тыйым салғанда кері қайтарылып алынуы мүмкін.

23. Лицензия кері қайтарып алынған жағдайда, Лицензиат ресми хабарлама алған сәттен бастап он күн ішінде лицензияны Лицензиарға қайтаруға міндетті.

24. Лицензиардың лицензияны кері қайтарып алу немесе оның күшін уақытша тоқтату туралы шешіміне сот тәртібімен шағым берілуі мүмкін.

VIII. Лицензия шарттарының орындалуына бақылау жасау

25. Лицензия шарттарының орындалуына бақылауды Лицензиар жүзеге асырады .

26. Лицензиаттың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметінің нәтижелер туралы есепті ұсынуының тәртібі мен мерзімдері Лицензиардың нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

IX. Біліктілік талаптары

27. Лицензия алуға үміттенетін заңды тұлғаға (бұдан әрі - өтініш беруші) мынадай біліктілік талаптары қойылады:

а) өтініш берушінің штатында (оның филиалында, өкілдігінде) 3-санаттағы біліктілік куәлігі бар кемінде үш маманның болуы, оның ішінде:
басшы қызметкерлер:

зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бөлімшелердің басшылары;

инвестициялық шешімдерді қабылдау мен жүзеге асыруға тікелей қатысатын мамандар ;

а-1) Қазақстан Республикасы заңнамасында айқындалған жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшеріне, оның қалыптасу тәртібіне және құрамына қойылатын талаптардың сақталуы; <*>

а-2) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған меншік капиталының қалыптасу тәртібіне қойылатын талаптардың сақталуы; <*>

б) үй-жайдың, ұйымдастыру техникасының, компьютерлердің, бағдарламалық-техникалық құралдардың және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін телекоммуникациялық жабдықтың болуы; <*>

в) заңды тұлға өз құрылтайшыларының қаржылық тұрақтылығын растауға тиіс ;

г) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті ұйымдастыруды регламенттейтін ішкі құжаттар әзірленуі тиіс.

Ескерту. 27-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 439 қаулысымен .